		<ul style="list-style-type: none"> - аграрлық маркетингтің ерекшеліктерін және азық-түлік тауарларын позициялау түрлерін білу; - әртүрлі нарықтарда тауартану және сауданы ұйымдастыру негіздерін білу; - клиенттерге арналған агротуристік бағыттардың схемасын құру және негіздеу; - әрбір агротуристік бағыт бойынша шығыстар сметасын есептеу; - қонақжайлық индустриясы ерекшеліктерін ескеру; - бағыт бойынша шығыстар сметасын есептеу; - агротуристік өнімнің жарнамасын БАҚ-та құру және орналастыру; - халықаралық экономикада қолданылатын басқару принциптерін, ерекшеліктерін және әдістерін білу; - әртүрлі елдерде аграрлық тауарлар саудасын дамыту бойынша ұтымды ұсыныстар әзірлеу. - фирманың нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарын анықтау; - халықаралық деңгейде маркетинг бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау және олар үшін жауапкершілікте болу; - кәсіпорынның (ұйымның, корпорацияның) есептілігіндегі қаржылық, бухгалтерлік және өзге де ақпаратты талдау және түсіндіру және алынған мәліметтерді басқару шешімдерін қабылдау үшін пайдалану; - кәсіпорын мен ұйымның экономикалық қызметінің тәжірибелік мәселелерін кәсіби түрде шешу, шаруашылық жүргізуші субъектінің неғұрлым тиімді дамуының нұсқаларын таңдау; - тауар айналымы бойынша барлық қажетті құжаттарды әзірлеуге және жазып беруге,
--	--	---

			өнімді қоймалау және сақтау кезінде шығындар мен жоғалуларды төмендету жолдарын іздестіруге.
ҚК 16	Маркетинг стратегиясы	Маркетингтік коммуникацияның ең тиімді құралдары мен арналарын пайдалана отырып, халықара-лық нарықта компания маркетингінің тиімді стратегиясын құру және іске асыру қабілеті.	<ul style="list-style-type: none"> - нарықтық жағдайды ескере отырып, PR және жылжыту іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу; - PR кампанияны жоспарлау және іске асыру, оның нәтижелерін бағалау; - фирма үшін маркетингтік коммуникациялардың тиімді құралдары мен арналарын таңдау; - бюджет әзірлеу және фирманың тиімді коммуникациялық саясатын жүргізу; - компанияның жарнамалық қызметін жоспарлау және ұйымдастыру, оның нәтижелерін бағалау және стратегиялық шешімдер қабылдау; - Аграрлық нарық ресурстарын қалыптастыру ерекшеліктерін және әр түрлі нарықтарда агромаркетинг стратегиясын білу; - нарықта ауыл шаруашылығы өнімде-рінің сапасын бақылауды және бәсекеге қабілеттілігін бағалауды жүргізу; - АӨК салаларының даму динамикасын және елдердегі азық-түлік өндірісінің даму үрдістерін талдау; - әлемдік азық-түлік нарығының конъюнктурасын талдай білу; - интеграция жағдайында елдің аграрлық азық-түлік секторын табысты дамытудың сценарийлерін құру; - азық-түлік тауарларының әлемдік нарығындағы ең алдымен, Қазақстанның мүдделері мен ұстанымдарын қозғайтын маңызды мәселелерді талдай білу, осы мәселелердің генезисін білу, олардың дамуын болжай білу; - азық-түліктің халықаралық саудасы саласындағы тиісті кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық білім мен практикалық дағдыларды пайдалану;

		<ul style="list-style-type: none">- жаңа нарықтық мүмкіндіктерді табу және бағалау және бизнес-идеяны қалыптастыру;- жаңа ұйымдарды құру мен дамытудың бизнес-жоспарларын әзірлеу (қызмет бағыттары, өнімдер және т. б.);- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік шарттарын бағалау;- инвестициялаудың және қаржыландырудың әр түрлі жағдайларында кәсіпорын мен салаларды дамытудың стратегиялық жоспарларын құру;- нарықтың конъюнктурасын ескере отырып, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған маркетингтік іс-шараларды жоспарлау және іске асыру;- өнеркәсіптік кәсіпорындарда маркетингтік талдау әдістерін олардың ерекшеліктерін ескере отырып пайдалану;- өндірістік мақсаттағы тауарлар нарығын сегменттеуді жүргізу, өндіріс құралдарын жеткізушілерді таңдау;- өндірістік мақсаттағы тауарлар нарығына маркетингтік зерттеулер жүргізу және фирманың стратегиясын іске асыру үшін мақсатты нарықтарды таңдау;- жаһандану, инновациялылық, интеграциялылық сияқты стратегиялық маркетингтің қазіргі заманғы белгілерін ескере отырып, фирманың маркетингтік стратегиясын әзірлеу;- түрлі стратегияларды, оның ішінде "өнім-нарық" стратегиясын қолдану»;- халықаралық аграрлық құқық негіздерін, қазақстандық құқықтық жүйе мен қазақстандық заңнаманың ерекшеліктерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасында аграрлық өнім саудасын ұйымдастыру принциптерін білу;- нақты өндірістік жағдайларға
--	--	--

			<p>халықаралық құқықтық нормаларды түсіндіру және қолдану, фактілер мен жағдайларды заңды түрде дұрыс саралау;</p> <ul style="list-style-type: none">- арнайы заң әдебиетінде бағдарлану;- мемлекеттік органдардың анықтамалық - құқықтық жүйелері-мен, деректер базаларымен жұмыс істеу дағдысын меңгеру;- маркетингтің озық практикалық тәжірибесін пайдалану және бейімделу.
--	--	--	---

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндер атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредиттер саны	Қалыптас атын күзіреттер (кодтар)
Жалпы білім беру пәндерінің циклі / Міндетті компонент				
1	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Пәнді оқу студенттердің бойында қазақ халқының этногенезі, Ұлы дала аумағындағы мемлекеттік және өркениет нысандарының эволюциясы және аса маңызды тарихи фактілер мен оқиғалар жиынтығының мәселелерін толық және объективті баяндауға негізделген қазіргі заманғы Отан тарихының концепциясын қалыптастыруға бағытталған. Ғылыми дүниетаным мен азаматтық ұстанымды қалыптастыратын қазіргі тарихтың негізгі оқиғалары туралы тарихи ұғымдарды жүйелеу. Полиэтникалық және поликонфессиялық қазақ қоғамын біріктіру үшін идеологиялық және рухани негіз құру қаралады.	5	ҚК 1
2	Философия	Курс студенттерде әлемді танудың ерекше түрі ретінде философия туралы, оның негізгі бөлімдері, проблемалары мен әдістері туралы, сондай-ақ өзін-өзі талдау және адамгершілік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, ғылыми-зерттеу қабілеттерін дамытуға және зияткерлік және шығармашылық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған. Ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелеріне, әділдік, қадір-қасиет және бостандық сияқты негізгі дүниетанымдық ұғымдарды меңгеруге және философияның қоғамдық сананы жаңғыртудағы рөлі мен қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешуге ерекше көңіл бөлінеді.	5	ҚК 2
3	Шетел тілі	Шет тілін оқыту оның құрамдас бөліктерінің жиынтығында өзге тілді коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға міндеттер қояды: сөйлеу құзыреттілігі - сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрлерінде коммуникативтік дағдыларды дамыту; тіл құзыреттілігі - жаңа тіл құралдарын (фонетикалық, орфографиялық,	10	ҚК 3

		лексика-лық, грамматикалық меңгеру; әлеуметтік-мәдени құзыреттілік - өз елін, оның мәдениетін көрсете білуді қалыптастыру; оқу-танымдық құзыреттілік - қол жетімді білім беру тәсілдері мен тілдер мен мәдениетті өз бетінше оқыту әдістерімен таныстыру.		
4	Қазақ (Орыс) тілі	Пән орыс тілінде тұлғааралық, әлеуметтік, кәсіби, мәдениетаралық қарым-қатынас аясында үш тілділік және ұлттық сананы рухани жаңғырту мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру контекстінде танымдық және коммуникативтік қызметті жүзеге асыруға қабілетті білім алушының тілдік тұлғасын дамытуға арналған. Пән деңгей дайындығына сәйкес тілдік қызмет түрлерін табысты меңгеруді болжайды	10	ҚК 3
5	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	Үдерістерді, ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу әдістерін, сандық технологиялар арқылы ақпаратты жинау және беру тәсілдерін зерттеу және талдау, сыни бағалау қабілеттерін қалыптастыру. Білім алушылардың компьютерлік жүйелер, операциялық жүйелер мен желілер архитектурасының тұжырымдамалық негіздерін меңгеру. Желілік және веб қосымшаларды әзірлеу тұжырымдамалары, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары туралы білімді қалыптастыру.	5	ҚК 1, ҚК 4
6	Әлеуметтік-саясаттану білімдер модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)			
	Әлеуметтану	қоғамды зерттейді, оның құрылымын (құрылымдық элементтері: әлеуметтік қауымдастықтар, институттар, ұйымдар мен топтар) дамытудың ішкі тетіктерін; әлеуметтік іс-әрекеттердің заңды болуын және адамдардың жаппай мінез-құлқын, сондай-ақ жеке тұлға мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты ашады, әлеуметтану әлеуметтік құбылыстарды түсіндіреді, олар туралы ақпаратты жинайды және қорытады..	2	ҚК 2, ҚК 5
	Саясаттану	саясат туралы ғылым, саяси құбылыстардың (институттардың, қатынастардың, үдерістердің) пайда болу заңдылықтары туралы, олардың қызмет ету және даму тәсілдері мен	2	ҚК 2, ҚК 5

		нысандары туралы, саяси процестерді басқару әдістері туралы, саяси сана, мәдениет және т. б. туралы ғылым.		
	Мәдениеттану	Мәдениет, оның тарихы, мәні, қызметі және даму заңдылықтары туралы ілім, оларды ғалымдар еңбектерінен табуға болады. Бұдан басқа, мәдени ғылымдар мәдени институттар жүйесін зерттеумен айналысады, олардың көмегімен адамды тәрбиелеу мен білім беру жүзеге асырылады және олар мәдени ақпаратты өндіреді, сақтайды және береді.	2	ҚК 2, ҚК 5
	Психология	Психология - бұл ғылым, оның мақсаты адам психикасының қызмет ету механизмдерін зерттеу болып табылады. Ол әр түрлі жағдайларда адамдардың мінез-құлқының заңдылықтарын қарастырады. Психология - бұл бізге өзін-өзі тереңірек тануға, өз мәселелері мен себептерін түсінуге, өз кемшіліктері мен күшті жақтарын түсінуге көмектеседі. Оны зерттеу адамдарда моральдық қасиеттер мен адамгершіліктің дамуына ықпал етеді.	2	ҚК 2, ҚК 5
7	Дене шынықтыру	Пән, дене шынықтырумен байланысты мәселелер ауқымын қамтиды, жалпыадами мәдениеттің бөлігі ретінде салауатты өмір салтымен, оның негізін құрамдас бөліктерің: адамның ағзасының әлеуметтік-биологиялық негіздерінің дене және ақыл-ой қызметіне бейімделуін, денешынықтырумен дербес шұғылдануын, спортпен айналысуын, жас физиологиясын, жай-күйін, дене шынықтыру мен спорттың психологиялық физиологиялық негізін, гигиенасын.	8	ҚК 6
Жалпы білім беру пәндерінің циклі/Таңдау компоненті				
8	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	Курс заң қызметіндегі құқық және кәсіби этика ұғымдары мен мазмұнын меңгеруге, заңгердің кәсіби қызметінде адамгершілік дау-дамайды шешудің мүмкін жолдарын меңгеруге мүмкіндік береді; кәсіби іс-әрекеттің фактілерін және құбылыстарын этикалық тұрғыдан бағалай білу, нақты өмірлік жағдайларда мінез-құлық ережелері мен нормаларын қолдана білу қабілетін қалыптастырады	5	ҚК 7 – ОН1, ОН2, ОН7

	Экология	Курс экология саласындағы теориялық білімдерді береді, студенттердің экологиялық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді, экологиялық ойлауды қалыптастырады, сондай-ақ алған білімін кәсіби және өзге де қызмет қолдану қабілетін қалыптастырады.	5	ҚК 8 – ОН1, ОН2
	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі	Курс қауіпсіздіктің кәсіби мәдениетін қалыптастырады, және алған білімдерінің жиынтығын кәсіби қызметте қолдану, кәсіби қызмет саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін біліктілік пен дағдыларды қабілеттілігі түсініледі.	5	ҚК 9 - ОН1 , ОН2
Базалық пәндер циклы /ЖОО компонентері				
9	Экономикалық теория	Экономикалық теория пәні экономиканың қызмет етуінің іргелі мәселелерін, қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму эволюциясын, жеке ұдайы өндірістің заңдылықтарын (микроэкономиканы), ұлттық экономика деңгейіндегі ұдайы өндірісті (макроэкономиканы), мезаэкономиканы және әлемдік шаруашылықты зерттейді және қарастырады.	5	ҚК 10 - ОН2, ОН3
10	Микроэкономика	Ресурстардың шектеулілігі кезінде ұтымды шешім қабылдау туралы ғылым. Бағдарлама аясында нарықтың екі негізгі субъектісі - үй шаруашылықтары мен фирмалардың әрекет ету заңдары мен заңдылықтары қарастырылады. Әртүрлі нарықтық құрылымдардағы фирмалардың қызметінің ерекшеліктері: жетілдірілген бәсекелестік, монополия, олигополия және монополистік бәсекелестік, сондай-ақ экономикалық ресурстардың әртүрлі түрлерінің (еңбек, жер және капитал) нарығының ерекшеліктері зерттеледі.	6	ҚК 10 - ОН2, ОН3
11	Макроэкономика	Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, толық жұмыспен қамту және инфляция деңгейін барынша азайту тұрғысынан экономикалық қылықты біртұтас ретінде зерттейтін экономика ғылымының саласы.	5	ҚК 10 - ОН2, ОН3
12	Статистика	Пәннің мазмұны ұйымдарда, кәсіпорындарда, фирмаларда және ұлттық экономика салаларында кездесетін талдау мен зерттеудің статистикалық әдістермен байланысты кең ауқымы әлеуметтік-экономикалық	5	ҚК 11 – ОН3, ОН4

		құбылыстар мен процестерді қамтиды.		
13	Маркетинг	Курс қазіргі заманғы Қазақстан жағдайында студенттердің маркетинг туралы, философия туралы, нарық қызметінің стратегиясы мен тактикасы және оны іске асыру ерекшелігі жайлы біртұтас түсінігін қалыптастыруға ықпал етеді. Курс барысында студенттерге маркетингтің негізгі ұғымдары мен функциялары көрсетіледі; маркетингтік басқару құралдары; заманауи маркетингтік стратегияларды құру, маркетингтік қызметтің кееелешекті нысандары анықталады.	5	ҚК 12 - ОН2, ОН6
14	Менеджмент	Пән студенттерді басқарудың ұйымдастырушылық жүйелерінің іргелі негіздерімен таныстырады; қатаң бәсекелестік орта жағдайында білім алушылардың ұйымдардағы процестердің мәні мен мазмұны туралы логикалық ойларын дамытады; өндірістік, инновациялық, қаржылық, әлеуметтік және ұйымның басқа да қызмет салаларында операцияларды басқару дағдылары мен білімін қалыптастырады.	5	ҚК 12 - ОН4, ОН5
15	Кәсіпорын экономикасы	Кәсіпорын экономикасы басқа экономикалық ғылымдармен тығыз байланысты: макро - және микроэкономикамен, менеджмент және маркетинг теориясымен, статистикамен, бухгалтерлік есеп және т.б. Сондықтан курс бағдарламасында кәсіпорын экономикасының пәні: кәсіпорын қызметін, шаруашылық шешімдерді әзірлеу және қабылдау процесін; кәсіпорын экономикасының объектілерін, кәсіпорынның өндірістік қызметін, кәсіпорынның негізгі факторларын және экономикалық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану механизмдерін қарастырады.	5	ҚК 12 - ОН2, ОН3
16	Бухгалтерлік есеп	Курс бағдарламасында қаржылық нәтижелерді есептеудің рәсімдерін әдістемелік талдау ретінде қазақстандық бекітілген стандарттар негізінде теориялық материал бухгалтерлік есептің қазіргі заманғы тұжырымдамасы тұрғысынан қарастырылады.	4	ҚК 13 - ОН4, ОН7
17	Қаржы	Курс кәсіпорын қаржысын ұйымдастырудың негізгі принциптерімен	4	ҚК 13 - ОН2, ОН7

		таныстырады, курста ұйымдардың қаржылық ресурстарының экономикалық мазмұны мен олардың қалыптасуы туралы негізгі мәліметтер беріледі; курс қаржылық жоспарлаудың рөлі мен маңызы туралы мәліметтерден құралады, түрлі ұйымдық-құқықтық меншік нысандарындағы қаржылық ұйымдардың спецификалық ерекшеліктері туралы түсінік береді.		
18	Кәсіпкерлік	Пән әр түрлі ұйымдық-құқықтық формаларда кәсіпорын құру және бизнесті ұйымдастыру саласында кәсіби құзыреттерді қалыптастырады. Курс болашақ маманда қызметкерлерді ынталандыру жүйесін пайдалана отырып, бизнесті басқаруға мүмкіндік беретін нақты білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға, ғылыми негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға ықпал етеді.	5	ҚК 14 – ОН9, ОН11, ОН12
Базалық пәндер циклы / Таңдау компоненті				
19	Экономикалық ілімдер тарихы	Пәннің мазмұны әлемдік экономикалық ойдың дамуымен байланысты заманауи экономикалық білімнің сипаты мен алуан түрлілігімен, оның экономикалық саясатпен өзара байланысымен, идеологиялық доктриналармен және ұлттық мәдениеттермен байланысты мәселелер ауқымын қамтиды.	5	ҚК 10 - ОН2, ОН3
	Қазақстан экономикасы	Пәннің мазмұны Қазақстанның қазіргі заманғы экономикалық жағдайы жайлы жүйелі түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді және ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық бағдарлары, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпал етуші реттеуші механизмдері мен құралдары жайлы кешенді білім береді.	5	ҚК 10 - ОН2, ОН11
20	Эконометрика	«Эконометрика» ғылым ретінде экономикалық теорияның, математиканың, статистиканың жетістіктерінің жиынтығы болып табылады, сондықтан оны зерттеу экономикалық процестерді талдау және экономикалық міндеттерді шешуде қолданылатын эконометрикалық әдістерді меңгеруді жеделдетуге мүмкіндік беретін басқа да іргелі экономикалық және математикалық пәндермен қатар жүргізіледі.	5	ҚК 11 – ОН4, ОН6

	Компьютерде деректерді өңдеудің заманауи әдістері	Пәннің мазмұны заманауи ақпараттық технологияларды зерттеуге ықпал етеді; сондай-ақ ақпаратты өңдеудің негізгі рәсімдер, модельдері, әдістері және құралдары туралы; әр түрлі қолданбалар үшін ақпараттарды өңдеу алгоритмдері жайлы түсінік қалыптастырады.	5	ҚК 11 – ОН4, ОН9
21	Іскерлік қағаздар	Пән студенттерді ресми хат алмасу негіздерін үйретуге арналған. Курс бағдарламасы білім алушыларда экономика, сыртқы сауда және қаржы қызметі саласында әртүрлі хат-хабарларды аудару және құру іскерліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.	5	ҚК 12 - ОН1
	Бизнес этикасы	Пәнді оқу келесідей дағдыларды іскерлік қатынастар саласындағы негізгі этикалық стандарттарды білуге, менеджердің қызметтік тәртібі мен іс-әрекеттерінің этикасы туралы түсініктердің қалыптасуына, бизнес этикасы құндылықтары мен нормалары туралы білімді нақты тәжірибелік қызметте жүзеге асыруға, іскерлік өмірдің этикалық мәселелерін шешуге және олар үшін рухани жауапкершілікті көтеру дағдыларын меңгеруге мүмкіндіктер береді.	5	ҚК 12 - ОН1, ОН2
22	Халықаралық экономика	Зерттеудің мақсаты халықаралық тауарлар мен қызметтер, капиталдар, жұмыс күші және технологиялармен алмасу саласында мемлекеттің әртүрлі экономикалық субъектілерінің өзара іс-қимыл жасау саласы болып табылады. Курста жалпы елдің экономикалық дамуына және халықаралық экономикалық қатынастардың жеке шаруашылық субъектілерінің ықпал ету мәселелері қарастырылады.	5	ҚК 14 - ОН2, ОН10
	Халықаралық бизнес	Курс халықаралық бизнестің негізгі нысандары бойынша теориялық білімді қалыптастырады. Халықаралық бизнесті дамыту теориясы, бизнестің ішкі және сыртқы ортасын бағалау, халықаралық бизнес тәжірибесіндегі бәсекелестік артықшылықтары мен оларды бағалау, этика және іскерлік психология, тиімді халықаралық бизнес формалары берілген.	5	ҚК 14 - ОН2, ОН10
23	Логистика	Пәннің мазмұны логистиканың негіздерін, оның нысандарын жүйелі түрде	5	ҚК 12 - ОН3, ОН6

		түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ, мұнда логистикалық желіні құру, түгендеуді қалыптастыру және қызмет көрсетуді дамыту алгоритмі қамтылады.		
	Интернет маркетинг	Курс интернет-маркетинг құралдарын, жұмыс қағидаларын, мақсатты түрлерін, контекстік жарнаманы өткізу кезеңдерін, әлеуметтік медиа маркетингін қамтиды. Ол нәтижеге қол жеткізудің мақсаттары мен критерийлерін, жарнамалық кампания түрлерінің моделін қарастырады.	5	ҚК 12 - ОН3, ОН11
24	Экономикалық қауіпсіздік	Курста мемлекеттің, аймақтың, кәсіпорынның және жеке тұлғаның экономикалық қауіпсіздігі туралы ұғымдар; экономикалық қауіпсіздікке қатысты қауіптердің негізгі шығу көздері мен олардың түрлері қарастырылады. Пән студенттердің әртүрлі типтегі қауіптерге саналы түрде қарсы тұру дағдылары мен машықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.	5	ҚК 13 – ОН3, ОН10
	Дағдарысқа қарсы басқару	Курс дағдарыстардың мәнін және оларды кәсіпорындар мен мемлекет деңгейінде реттеуді көрсетеді; кәсіпорындардың (ұйымдардың) банкроттықты анықтау және банкроттық рәсімдерін анықтау әдістемесі ұсынылды; кредиттік ұйымдардың банкроттық ерекшеліктерін, дағдарысты басқару тұрғысынан инновациялық инвестициялау механизмдерін іске асыруды, сондай-ақ персоналды басқаруды сипаттайды.	5	ҚК 13 – ОН9, ОН12
25	Баға және баға саясаты	Аталмыш курсты зерттеу студенттердің баға белгілеу теориясы, әр түрлі баға түрлерін есептеу техникасы жайлы кешенді құзыреттіліктерінің қалыптасуына; экономикалық ойлау қабілетін дамыту және баға бойынша дербес тиімді шешімдерге дағдылануына ықпал етеді.	5	ҚК 13 – ОН3, ОН6
	Кәсіпорында пайданы басқару	Курс зерттелетін кәсіпорындағы маркетингтік және басқарушылық қызметті жетілдіру мақсатында кәсіпорындағы сапа менеджменті жүйесін зерттеу мәселелерін қарастырады.	5	ҚК 13 - ОН3, ОН7
26	Мемлекеттің әлеуметтік саясаты	Осы курс шеңберінде ұлттық экономиканың дамуы қазіргі кезеңінде мемлекеттік реттеу мәселелері, сондай-	5	ҚК 14 - ОН4, ОН8

		ақ экономикадағы микро және макро деңгейде қалыптасқан экономикалық қатынастар ерекшеліктерін ескере отырып қарастырылады. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мәселелер кең ауқымы зерттеліп, талданады.		
	Экономикалық саясат	Курстың мақсаты Қазақстанның қазіргі экономикалық саясаты туралы тұтас жүйелі түсінік қалыптастыру болып табылады, студенттерге мемлекеттік экономикалық саясаттың маңыздылығы мен негізгі бағыттары туралы, құрылымдық сипаты туралы және қазіргі заманғы экономикалық проблемаларды зерттеудің аналитикалық аппаратының ерекшеліктері туралы түсінік береді.	5	ҚК 14 - ОН4, ОН11
27	Халықаралық маркетинг	Курс халықаралық маркетинг негіздері бойынша теориялық білімді, елдің экономикалық дамуындағы формасы мен оның рөлін қалыптастырады. Халықара-лық маркетинг үлгілері ретінде келесілер қарастырады: еуропалық, америкалық, жапон. Әлемдік нарықта әртүрлі өнім нарығын жан-жақты зерделеудің әлемдік тәжірибесі, ақпарат жинау және талдау, нарық сегменті, сұраныстың қалыптасуы және әлемдік нарықта сатуды ынталандыру қарастырылған.	5	ҚК 14 - ОН3, ОН10
	Халықаралық сауда	Курс барлық халықаралық сауданың негізгі бағыттарын талдай отырып, дамуы мен алуантүрлілігін зерттейді. Алты негізгі тақырыпты талқылайды: халықаралық сауда теориясы; халықаралық сауда құрылымы мен ағымдағы жағдайы; сыртқы сауда және халықаралық сауда саясатының үрдістері; халықаралық сауда мен сыртқы сауда саясатының аймақтық аспектісі: сауда қатынастары.	5	ҚК 14 - ОН3, ОН5
28	Аграрлық экономика	Курста экономиканың аграрлық секторын қалыптастыру мен дамытудың объективті алғышарттары, сондай-ақ, макро, мезо және микро деңгейдегі агробизнестің экономикалық тетіктері, бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін өндіру процесінде аграрлық сектордың түрлі ресурстарын пайдалану және ұйымдастыру зерттеледі.	5	ҚК 14 - ОН3, ОН11
	Аймақтар	Курстың бағдарламасында аймақтық	5	ҚК 14 -

	экономикасы	экономика негіздері, әр түрлі экономикалық мектеп өкілдерінің аумақты тиімді пайдалану проблемаларына көзқарастары, экономикалық кеңістікті тиімді ұйымдастырудағы экономикалық саясаттың рөлі мен орны, өңірлік экономиканы реттеу тәсілдері, аймақта өтетін процестерді қоса алғанда және өндіргіш күштерді орналастыруға әкімшілік ықпал ету шаралары баяндалған.		ОН2, ОН11
29	Бизнес-жоспарлау	Пән бизнес-жоспарлаудағы негіздер мен дағдыларды білу, мақсаттарға байланысты бизнес-жоспарларды құру, олардың айырмашылықтары, кәсіпорынның (бизнес) қысқаша сипаттамасын жасау, өндіріс, маркетинг, қаржы жоспарларын жасау, нарықты зерттеу, резюме жазу және т.б.	5	ҚК 16 – ОН9, ОН12
	Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі	Бұл пән аясында келесі ұғымдар зерттеледі: нарық және оның құрылымы, нарық сегменті, нарықтық тауаша, нарықтық конъюнктура, бәсекелестік, нарық шоғырлануын өлшеу әдістері, тауар мен кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі, бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтау әдістері, бәсекеге қабілеттіліктің ішкі және сыртқы факторлары.	5	ҚК 14 – ОН9, ОН12
Кәсіптік пәндер циклы/ЖОО компоненті				
30	Маркетингтік зерттеулер	Курс маркетингтік ақпаратты жинау, өңдеу және талдау әдістері, маркетингтік зерттеулер жүргізу кезеңдері мен әдістері, нарықтық нарықтарды таңдау және нарықтағы бәсекелестікті талдау принциптері мен әдістерін теориялық білімдерін қалыптастырады.	5	ҚК 15 – ОН3, ОН5
31	Маркетингті басқару	Курс маркетингті басқару принциптері мен формалары туралы теориялық білімді қалыптастырады. Кәсіпорындағы маркетингті басқару, көтерме және бөлшек сауданы басқару, маркетингтік логистика, маркетингтік коммуникацияларды басқару әдістерін аграрлық маркетингтің ерекшеліктері мен кәсіпорынның функционалды маркетингтік байланыстарын ескере отырып ашып көрсетеді.	6	ҚК 15 – ОН3, ОН11
32	Маркетингтік коммуникациялар	Пән маркетингтік коммуникациялардың негіздері мен қазіргі заманғы тұжырымдамаларын, маркетинг	5	ҚК 16 – ОН6, ОН12

		коммуникациялық арналарын талдау дағдыларын қалыптастырады. Хабарлауды таңдау, жарнаманы жоспарлау және бақылау, сатуды ынталандыру нысандары, жаңа коммуникациялық технологияларды пайдалану, жарнамалық бюджетті әзірлеу туралы шешімдерді қабылдау қарастырылады.		
Кәсіптік пәндер циклі /Таңдау компоненттері				
33	Тауар маркетингі	Курс тауартану, шикізат, материалдар, азық-түлік тауарларының құрылымы бойынша теориялық білім мен дағдыларды қалыптастырады. Оған кодтау жүйесі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тауарларды сертификаттау жүйесі кіреді.	5	ҚК 15 – ОН5, ОН11
	Салалар маркетингі	"Салалар маркетингі" пәнін игерудің мақсаты әртүрлі салалардағы немесе қызмет салаларындағы кәсіпорындарды басқару процесінде маркетингтің ерекшелігін көрсету. Таңдалған салалардың немесе қызмет салаларының маркетингінің негізгі құралдарын зерттеу және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін оны пайдалану дағдыларын алу	5	ҚК 15 – ОН3, ОН5
34	Агротуризм маркетингі	Туризм индустриясының саласы ретінде агротуризмнің мәні бойынша теориялық білімдерді қалыптастыру. Агротуризм нарығын, оның ерекшелігін, агротуризмдегі сұраныс пен ұсыныстың ерекшеліктерін, маркетингтік ортаны, туристік өнімдерді және олардың ерекшеліктерін, агротуризмдегі баға белгілеуді, агротуризмдегі коммуникациялық саясатты, агротуристерге арналған тамақтану және экскурсия қызметтерін қарастырады.	5	ҚК 15 - ОН3, ОН10
	Туризм маркетингі	Туризм маркетингі саласында арнайы білім мен дағдыларды қалыптастыру, маркетинг кешенін ұтымды пайдалану қабілетін, туристік нарықта маркетингтік талдау әдістерін дамыту, туризм саласында тиімді маркетингтік стратегияларды әзірлеу	5	ҚК 15 - РО3, РО10
35	Қызмет маркетингі	Студенттердің қызмет көрсету маркетингі саласында арнайы білімі мен дағдыларын, қызмет көрсету нарығында	5	ҚК 16 - РО3, РО11

		маркетинг кешенін ұтымды пайдалану білігін, қызмет көрсету маркетингінің теориялық аспектілерін қалыптастыру; маркетингтік қызметті ұйымдастыру; Қызмет көрсету нарығын зерттеу, қызмет көрсету нарығының маркетингтік моделін талдау әдістері; Қызмет көрсету саласындағы маркетингтік стратегияларды әзірлеу және іске асыру.		
	Банктік маркетинг	Курс банктегі маркетинг жүйесі және оның кредиттік ұйымның бәсекелестік позициясын қамтамасыз етудегі рөлі туралы; кредиттік ұйымдағы маркетингтік ақпараттың негізгі көрсеткіштері; негізгі маркетингтік әдістер мен тәсілдердің мәні мен мазмұны; банктердің маркетингтік саясаты; маркетингтік қызметтің басқарушылық аспектілері; банктік қызметтер нарығы және оны сегменттеу; клиенттердің қатынастарын оңтайландыру бойынша банктердің маркетингтік қызметін қарастырады.	5	ҚК 16 - РОЗ, РО11
36	Брендинг	Пән компанияның маркетингтік стратегияларын ескере отырып, брендтерді құру, брендті басқару, олардың орналасуы мен дамуы әдіснамасы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.	5	ҚК 14 – ОН5, ОН11
	Сауда маркаларын басқару	Пәнді зерделеу шеңберінде тауар таңбасының сипаты мен мазмұнын тұтас, жүйелі түрде түсіну, тауар таңбаларын басқарудың әдіснамалық негіздері қалыптастырылады. Компанияның маркетингтік стратегияларын ескере отырып, брендтің адалдығы, қорғаныштық кедергілер, позициялау және имидж мәселелері, сондай-ақ олардың дамуы қарастырылады.	5	ҚК 14 - ОН3, ОН11
37	Өнеркәсіптік маркетинг	Курс өнеркәсіптік маркетингтің теориялық негіздерін зерделейді: өнеркәсіп өнімдерінің маркетингі ерекшеліктері; тауар нарығы; тауарларды сатып алу, пайдалану және сату ерекшеліктері, өнеркәсіп тауарлары нарығының сегменттеу түрлері, маркетингтік зерттеу әдістері және т.б.	5	ҚК 16 - ОН3, ОН11
	Инновациялық	Курс ұйымның миссиясын, философия-	5	ҚК 16 -

	маркетинг	сын, зерттеу саласын, басқару стилін және мінез-құлықты ойлауды қамтитын инновациялық маркетингтің теориялық негіздерін қамтиды. Әлеуметтік бағдарлы, ізденушілері бар, инновацияларды құру және насихаттауды, инновациялық өнімдерді нарыққа зерттеуді қамтиды.		ОН3, ОН9
38	Стратегиялық маркетинг	Курсты зерттеу барысында стратегиялық маркетинг қызметтің мазмұны, стратегиялық маркетингтің пайда болу шарттары мен жағдайлары, стратегиялық маркетингтің заманауи ерекшеліктері, компанияның, тұтынушылардың және қоғамның мүдделерін тепе-теңдігімен үйлестіру қажеттілігі анықталды. Стратегияны қалыптастыру, енгізу және стратегияны жүзеге асыру кезеңдері, стратегиялардың генезисі мен түрлері критерийлері ескеріледі.	5	ҚК 16 – ОН6, ОН11
	Корпоративтік басқару	Пәнді оқыту мақсаты: студенттерді Қазақстанда және шет елдерде корпорацияларды басқарудың мақсаттары, стратегиялары, функциялары мен әдістері туралы білім жүйесін, сондай-ақ корпоративтік басқарудың практикалық міндеттерін шешу дағдыларын қалыптастыру	5	ҚК 16 – ОН4, ОН6
39	Агробизнесі ұйымдастыру	Курста агробизнес түсінігі, маңызы және ерекшеліктері, Қазақстандағы агробиз-нестің құрылымы және қазіргі жағдайы, тамақ өнеркәсібі салаларының сипат-тамасы, шикізат түсінігі, оның жіктелуі және шикізат базасын орналастыру нұсқалары, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, сақтау және сату саласында шаруашылық аралық және экономикалық байланыстарды ұйымдас-тыру мәселелері қарастырылады.	6	ҚК 16 – РО5, РО12
	Экономикалық талдау	Курстың мақсаты Қазақстанның қазіргі экономикалық саясаты туралы тұтас жүйелі түсінік қалыптастыру болып табылады, студенттерге мемлекеттік экономикалық саясаттың маңыздылығы мен негізгі бағыттары туралы, құрылымдық сипаты туралы және қазіргі заманғы экономикалық проблемаларды зерттеудің аналитикалық аппаратының ерекшеліктері туралы түсінік береді.	6	ҚК 16 – ОН9, ОН12

5. Білім беру бағдарламасының модульдері игерген кредиттер сомасын көрсететін жиынтық кесте:

Оқу курсы	Семестр	Оқу пәндерінің саны			Академиялық кредиттер						Барлық академиялық сағат	Әскери дайындық	Саны	
		МК	ЖК	ТК	Теориялық оқу	Оқу практикасы	Өндірістік практика	Дипломалды практика	Қорытынды аттестация	Барлығы			Емтихан	Диф. сынақ
I	1	4	1	1	30					30	900		6	
	2	4	2	1	28	2				30	900		7	1
II	3	1	4	2	32					32	900		7	
	4	3	3	1	25		5			30	900		7	1
III	5	-	2	4	30					30	900		6	
	6	-	2	3	25		5			30	900		5	1
IV	7	-	3	3	26		4			30	900		6	1
	8	-	1	3	16			4	12	32	960		4	1
Барлығы		12	18	18	212	2	14	4	12	244	7320	588	48	5

БББ қосымша

Қосымша 1 Практика базасы МК

№	Компаниялар, кәсіпорындар, ұйымдар атауы	Байланыс Тел, e-mail
1	«Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аймақтарды дамыту ғылыми - зерттеу институты» ЖШС	Алматы қ., Сатпаев көшесі 30б 8 (727) 245-35-99 kazniiapk@mail.ru
2	«GF Golden Freedom» ЖК	Алматы қ., Алатау ауданы, Қабдолов көш., №112 тел.: 8 (727) 2209238
3	"Кеңес ауылдық округ әкімінің аппараты" КММ	Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Кеңес ауылы, Тайшыманова көшесі, 38, Тел.: 8 (72632) 5-14-00; 87779751564 Kenes_merke@bk.ru
4	«КАЗКОМРЕСУРС» ЖШС	Алматы қ., Сүйінбай даңғылы, №2 үй корпус 10, офис 14, Тел. +7(727) 270 60 82 gen.dir@kazkomresurs.kz
5	«KORQAZLLP» ЖШС	Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Іле тракты, үй №17 D.Kerimkulov@Korqaz.kz
6	«Kidsstore.kz» ЖК	Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел, №53, 338 тел.: 8 (702) 6500550 kidsstore.kz@mail.ru